**Эпизотиялық сипаттағы қызметтер бойынша біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 12 сессиясының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 155 шешімі. Қарағанды облысы Нұра ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 қаңтарда N 8-14-88 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 22 сессиясының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 236 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 22 сессиясының 2009.12.22 N 236* шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 36 бабының 6 тармағына сәйкес Нұра аудандық Мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Салық органның жүргізген орташа күндік хронометраждық бақылаулар және талдаулар негізінде, эпизотиялық сипаттағы, сондай-ақ нарықта жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметтің 4 түрі бойынша біржолғы талондардың құны 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық Мәслихаттың бюджет, қаржы, өнеркәсіп, құрылыс, жолаушылар көлігі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, аграрлық мәселелері және экология жөніндегі тұрақты комиссиясы (Г. Прокоп) жүктелсін.

3. "Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" Нұра аудандық Маслихатының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы V сессиясының N 84 шешімінің ( әділет басқармасында 2007 жылғы 27 желтоқсанда тіркелген N 8-14-62) күші жойылған деп танылсын.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы Д. Баянов*

*Аудандық Мәслихат хатшысы Е. Туранов*

2008 жылғы 24 желтоқсандағы XII сессиясының Нұра аудандық Мәслихатының

N 155 шешімімен белгіленген 1 қосымша

| N | Эпизодикалық сипаттағы кәсіпкерліктің түрлері | Біржолғы талондардың құ айлық есеп көрсеткішінє бойынша) бір күн үшін |
|---|---|---|
| 1. | Өткізу (стационарлық орындарда өткізуден басқа): | |
| | 1.1. Газеттер мен журналдарды | 7 |
| | 1.2. Тұқымдар және басқадай отырғызылатын дәнектерді (бұталар, көшеттер) | 10 |
| | 1.3. Бақша дақылдарын | 13 |
| | 1.4. Саяжай мен үй маңында өсірілген гүлдерді | 10 |
| | 1.5. Қосалқы шаруашылықта, бау-бақшада, саябақта өсірілетін азық-түлікті өткізу | 4 |
| 2. | Жеке тракторлар иелерінің жер участкелерін жырту қызметтері | 24 |

2008 жылғы 24 желтоқсандағы XII сессиясының Нұра аудандық Мәслихатының N 155 шешімімен белгіленген 2 қосымша

| Базардың аты | Мамандандырылуы | Сауда орынының түрі | Сауда орнының көлемі | Жинақ мөлшері айлық көрсеткіші % бойынша күн үшін |
|---|---|---|---|---|
| Нұра ауданының базары | Азық-түлік | Сөре | 3 | 2 |
| | | Етке арнайы | 3 | 2 |
| | | Сүт | 2 | 2 |
| | Өндірістік | Сөре | 2,8 | 2 |
| | | Қолдан | 1,5 | 2 |

2008 жылғы 24 желтоқсандағы XII сессиясының Нұра аудандық Мәслихатының N 155 шешімімен белгіленген 3 қосымша

| N | Объектінің түрі | Жинақ мөлшері айлық есеп көрсеткіші (%) бойынша бір басқа | Сомасы (теңге) Бір күн үшін |
|---|---|---|---|
| 1. | Жылқы | 0,05 | 0,6 |
| 2. | Қара мал | 0,03 | 0,4 |
| 3. | Қой | 0,015 | 0,19 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК